


Адамның шығу тегі

Орындаған: Олжабек Т.А
Топ: Бқ 412

Адамның шығу тегі

- Адамның даму тарихы - күрделі және қарама- қайшы көзқарастармен сипатталады. Приматтар эволюциясы сүтқоректі жануарлардан басқа отрядтары сияқты, шамамен, бұдан 60 млн жыл бұрын басталған үштік кезеңде өтті. Үштік кезеңнің екінші жартысында кең таралған жоғары сатыдағы маймылдардың қазбалық тобы - дриопитектер екі эволюциялық бағытқа: понгидтер мен гоминидтерге бастама берді.



Рамапитектер

0 Бірқатар ғалымдар біздің ғаламшарымызда 14 млн жыл бұрын гоминидтер тұқымдасына жатқызуға болатын маймылдар пайда болды деп болжайды. Олар Үндістан, Шығыс Еуропа, Ресей аумағында тіршілік еткен.



Аустралопитектер

0 Олардың көптеген қазба қалдықтары Оңтүстік және Шығыс Африка аумағынан табылған. Аустралопитектер ізашарларына қарағанда адамға едәуір дәрежеде көбірек ұқсас болған. Олар тік жүрген, беті жалпақтау, миының көлемі орташа 530 см^3 болған.



Питекантроптар

- Бұл көне адамдар түрі шамамен бұдан 1,2-1,6 млн жыл бұрын пайда болды. Питекантроптар Африка шегінен шығып, адамдардың таралу аймағын кеңейтіп, Еуропа және Азияға
- орналасты. Олар біртіндеп өзгере және әбден жетіліп, миллиондаған жылдардан астам өмір сүрді.



Синантроп

0 Синантроп (латынша сина — қытай мен грекше antropos — адам) — көне дәуірде, бұдан 400 мың жылдар бұрын өмір сүрген адам тектерінің бірі. Адамның бұл тегі қазба жұмыстарынан соң белгілі болды. Ең алғаш оның сүйек қалдықтарын 1927 жылы ағылшын ғалымы Д. Блэк Пекин маңындағы Чжоукоудянь үңгірінен тапқан.



Неандертальдықтар

0 Бұл ертедегі адамдардың қазба қалдықтары Еуропа, Азия, Африкадан көптеп табылған. Ертедегі адамдар 300—400 мың жыл бұрын тіршілік еткен. Олар қаңқа қалдықтары табылған Германиядағы Неандерталь аңғарына байланысты аталған. Неандертальдықтардың бас сүйегі күмбез тәрізді және миының көлемі 1600 см³-ге жуық болған.



Кроманьондықтар

0 Кроманьондықтар - шамамен бұдан 30 мың жыл бұрын пайда болды. Қаншама жорамалдар ұсынылды. Кейбірі адам айтқысыз қызық: «неандерталдықтар мұздақтан өліп, кроманьондықтар ғарыштық кемеңің қирауынан түскен ұшқыштар екен» десті. Оның себебі антропологтар 50 мың жылдан аз мерзімде ай-күні белгіленген неандерталдықтардың қалдығын табу сәтінің болмауынан еді.



Саналы адам

- 0 Адамның табиғаты және жаратылысы осы күнге дейін философиялық және діни атыстың негізгі тақырыбы болып келе жатыр.
- 0 Ағылшын ғылымы Чарльз Дарвин 1871 ж. шыққан «Адамның тегі және жыныстық сұрыпталу» деген еңбегінде: «Адам жануарлар әлемінің эволюциялық дамуы нәтижесінде пайда болды», — деп дәлелдеген.



**Назарларыңызға
рахмет!!!**